

## Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 21)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	II класс биологиялық қауіпсіздік боксы (тұғырмен, розеткалармен және УК шаммен)	<p>Қауіпсіздік класы: II (ДСҰ жіктемесіне сәйкес)  Ауа тазалығының класы: ISO 3  Ауаның рециркуляциялану дәрежесі: 70%  Кіретін ауа ағынының орташа жылдамдығы: 0,45 м/с  Төмен қарай бағытталған ауа ағынының орташа жылдамдығы: 0,30 м/с  0,3 мкм және одан үлкен бөлшектерден тазарту тиімділігі: кемінде 99,95%  Сүзгілер: ULPA сүзгілері (IEST RP-CC001.3 стандартына сәйкес) немесе H14 класы (EN 1822 бойынша)  0,1–0,3 мкм бөлшектерді сүзу тиімділігі: кемінде 99,999%  Дыбыс деңгейі (EN 12469 стандартына сәйкес): 53,5 дБА-дан аспауы тиіс  Қуат көзі: 230 В, 50/60 Гц айнымалы ток  Жұмыс аймағы: Тот баспайтын болаттан жасалған, коррозияға төзімді, берік және оңай жуылатын  Алдыңғы әйнек: Қатайтылған, көтерілетін  Бүйірлік қабырғалар: Қатайтылған әйнектен жасалған – көру мүмкіндігін жақсартады және оператор өзін «оқшауланған» сезінбейді  Жарықтандыру: Жұмыс аймағында орнатылған жарық УК-сәулелендіру:  – УК шам қуаты: кемінде 30 Вт  – Жұмыс камерасын зарарсыздандыруға арналған УК-блоктың болуы  Жиынтықтау: Тұғыр, электр розеткалары, УК шам  Габариттік өлшемдері  Сыртқы өлшемдері (Е×Т×Б): шамамен 1340 × 753 (810) × 1400 мм  Ішкі өлшемдері (Е×Т×Б): шамамен 1220 × 580 × 660 мм</p>	5
	Барлығы		5

Қаржы және Халықаралық байланыстар  
вице-ректоры

  
М. Гиритлиоглу

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

  
А. Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

  
Т. Джатаев

## ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауардың құнына қажет болған жағдайда монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқыту да енгізілуі тиіс

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

**Төлем шарттары:** алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 50%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

**Жеткізу уақыты:** тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.

